



T.C.
HACETTEPE ÜNİVERSİTESİ
Atatürk İlkeleri ve İnkılap Tarihi Enstitüsü

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті
Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Сабырғалиева Назгүл
Бақтығалиқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған
«Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық
қызметі (XIX ғ. екінші жартысы-XX ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациясына
шетелдік ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Отандық тарихта дәстүрлі ислам дінінің таралу тарихы зерттелгені белгілі, дегенменде дәстүрлі ислам танымдарын қалыптастыруға еңбек еткен, «діни тұлғаларды», олардың қоғамда алатын орнына тарихи баға беру зерделеу-зерттеу ғылыми-танымдық тұрғыдан әрі қоғамдық практика тұрғысынан аса қажет болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарлы баяндамасында «Ұлы Даланың ұлы есімдерін» Ұлы Даланың жеті қырының бірі деп танып, Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырып, беріктігін сақтауда еңбек еткен тұлғаларды зерттеп, халық жадына танытуды мемлекеттік саясат деңгейіне шығарды. Қазақ мемлекетінің руханилығын танытқан тұлғалар қатарында, әрине діни тұлғалардың есімі тұрады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы да осы бағытта жазылған ғылыми еңбек болып табылады.

Автор өзінің ғылыми жұмысында діни тұлғалардың Қазақ жерінің батыс өңіріне шоғырлануының, қазақ жерінің батыс өңірінде далалық мешіт, далалық мектеп-медреселердің басым дамуының себептерін анық талдаған.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, хронологиялық шеңбері, теориялық-методологиялық негіздері, зерттеудің тарихнамасы мен деректік негізі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен жұмыстың қолданбалық маңызы сияқты стандартты мәселелер жазылған. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы кіріспенің өзектілігінде анық көрсетіліп, зерттеудің негізгі бағыттары дұрыс қойылған.


Бірінші тарауда автор Ресей империясының өлкедегі конфессионалдық саясаты кезіндегі діни тұлғалардың қызметтеріне назар аударып, өзінше тұжырымдар жасайды. Зерттеу тақырыбына қатысты салыстырмалы түрде шет елдік авторлардың еңбектерін қарастырып, оларда жасаған тұжырымдарға талдау жасай отырып, ішінара кейбір мәселелерге қатысты жаңаша көзқарас тұрғысынан ойлар айтылған.

Диссертацияның екінші тарауында жәдитшілдіктің аясында дәстүрлі ислам мен модернизмнің үйлесім табуы үшін күрескен зиялы тұлғаларға қатысты мәселелер қарастырылады.

Жалпы автордың осы тақырыптардағы зерттеулері жеке тұлғалардың еңбегі мен қайраткерлігі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуында алатын орнын анықтауда дұрыс қойылған маңызды мәселе деп есептеуге болады.

Бұл өз кезегінде аталған тақырыптың зерттеу жұмысында дұрыс көтерілгендігін және тақырыптың маңыздылығын арттыра түсетіндігі сөзсіз.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында хазірет, ишан, ахун, абыз (хафиз), қалпе, дамолла, молда, қары (қари), имам, мүфтилермен қатар, мұғалімдік қызмет атқарған



T.C.

HACETTEPE ÜNİVERSİTESİ

Atatürk İlkeleri ve İnkılap Tarihi Enstitüsü

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті

Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстанның батыс өңірлеріндегі дәстүрлі ислам өкілдерінің рухани-ағартушылық қызметі (XIX ғ. екінші жартысы-XX ғ. басы)» тақырыбындағы диссертациясына шетелдік ғылыми кеңесшінің

П І К І Р І

Отандық тарихта дәстүрлі ислам дінінің таралу тарихы зерттелгені белгілі, дегенменде дәстүрлі ислам танымдарын қалыптастыруға еңбек еткен, «діни тұлғаларды», олардың қоғамда алатын орнына тарихи баға беру зерделеу-зерттеу ғылыми-танымдық тұрғыдан әрі қоғамдық практика тұрғысынан аса қажет болып табылады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарлы баяндамасында «Ұлы Даланың ұлы есімдерін» Ұлы Даланың жеті қырының бірі деп танып, Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырып, беріктігін сақтауда еңбек еткен тұлғаларды зерттеп, халық жадына танытуды мемлекеттік саясат деңгейіне шығарды. Қазақ мемлекетінің руханилығын танытқан тұлғалар қатарында, әрине діни тұлғалардың есімі тұрады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы да осы бағытта жазылған ғылыми еңбек болып табылады.

Автор өзінің ғылыми жұмысында діни тұлғалардың Қазақ жерінің батыс өңіріне шоғырлануының, қазақ жерінің батыс өңірінде далалық мешіт, далалық мектеп-медреселердің басым дамуының себептерін анық талдаған.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, хронологиялық шеңбері, теориялық-методологиялық негіздері, зерттеудің тарихнамасы мен деректік негізі, ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен жұмыстың қолданбалық маңызы сияқты стандартты мәселелер жазылған. Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы кіріспенің өзектілігінде анық көрсетіліп, зерттеудің негізгі бағыттары дұрыс қойылған.

Бірінші тарауда автор Ресей империясының өлкедегі конфессионалдық саясаты кезіндегі діни тұлғалардың қызметтеріне назар аударып, өзінше тұжырымдар жасайды. Зерттеу тақырыбына қатысты салыстырмалы түрде шет елдік авторлардың еңбектерін қарастырып, оларда жасаған тұжырымдарға талдау жасай отырып, ішінара кейбір мәселелерге қатысты жаңаша көзқарас тұрғысынан ойлар айтылған.

Диссертацияның екінші тарауында жәдитшілдіктің аясында дәстүрлі ислам мен модернизмнің үйлесім табуы үшін күрескен зиялы тұлғаларға қатысты мәселелер қарастырылады.

Жалпы автордың осы тақырыптардағы зерттеулері жеке тұлғалардың еңбегі мен қайраткерлігі, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуында алатын орнын анықтауда дұрыс қойылған маңызды мәселе деп есептеуге болады.

Бұл өз кезегінде аталған тақырыптың зерттеу жұмысында дұрыс көтерілгендігін және тақырыптың маңыздылығын арттыра түсетіндігі сөзсіз.

Диссертациялық жұмыстың үшінші тарауында хазірет, ишан, ахун, абыз (хафиз), қалпе, дамолла, молда, қары (қари), имам, мүфтилермен қатар, мұғалімдік қызмет атқарған

молдалардың, діни ағартушылардың өмірі мен қызметі арқылы, қазақ қоғамының рухани келбетін ашуға, оған тарихи баға беруге тырысқан. Діни тұлғалардың халықты имандылық пен ізгілікке шақырып, ислам дінін нығайтуға және ұлт мәдениетіне зор үлес қосқандығын ғылыми тұрғыда дәлелдеген. Өзі зерттеу нысанына алған діни тұлғалардың Мекке-Мәдина, Мысыр, Ыстамбұл, Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор, Хиуа, Бұхара қалаларындағы рухани ошақтармен байланыс жасағандығын, шәкірттерін оқу құралдары, кітаптармен қамтамасыз етіп отырғандығын дәлелдеп жазып шыққан.

Диссертациялық жұмыстың тарихнамалық, деректік тұрғыда құндылығы, ғылыми айналымдағы әдебиеттермен қатар, өзі зерттеу нысанына алып отырған XIX – XX ғасырдың бас кезінде жарық көрген бұқаралық ақпарат құралдар беттеріндегі хабарламалар, жолсапарлық жазбалар, саяси шолулардағы мәліметтерді негізге алып талдаған.

Әсіресе, диссертациялық жұмыстың деректік қорына негіз болған «Қазақ» газетіндегі «Қажылық сапарға» байланысты ақпараттардың маңызы зор. Сондай-ақ, БҚО тарихи-өлкетану музейі, БҚО «Хан Ордасы» қорық-музейі материалдарын саралап ғылыми айналымға енгізуі, диссертациялық жұмыстың өзектілігін арттыра түсетіні сөзсіз.

Диссертациялық жұмыс қазіргі таңда толық аяқталған, сондықтан Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Тарих факультеті Қазақстан тарихы кафедрасының докторанты Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызының философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алу талаптарына толық сәйкес келгендіктен, жұмысты диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға болады.

Анкара Хаджеттепе университеті
«Atatürk İlkeleri ve İnkılap Tarihi» институты директорының орынбасары Профессор,
доктор Сейфы Иылдырым

26.11.2021

